

әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті
Философия және саясаттану факультеті
Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасы

Факультеттің Ғылыми кеңес мәжілісінде
БЕКІТІЛДІ
« ____ » _____ 2023 ж., хаттама № ____

Факультеттің деканы _____ Б.Б. Мейірбаев

DNVSh 4310 - ОҚУШЫЛАРДЫҢ РУХАНИ-АДАМГЕРШЛІК ТӘРБИЕСІ

6B01101 – «Педагогика және психология» мамандығы

4-курс, қазақ бөлімі, **2023-2024** оқу жылының күзгі семестрі

ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ

АЛМАТЫ 2023

Пән бойынша қорытынды емтихан бағдарламасын дайындаған педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының профессоры Таубаева Ш.Т.

Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының мәжілісінде қаралып ұсынылды.

Кафедра меңгерушісі

_____ Әлқожаева Н.С.

«_____» _____ 2023 ж., хаттама № _____

АЛҒЫ СӨЗ

Пән бойынша қорытынды емтихан түрі – *ауызша (offline)*. Емтихан сұрақтары пән бойынша оқытылған дәріс, семинар және СӨЖ тапсырмаларының барысында құрастырылады. Емтиханға дайындық барысында курстың негізгі теориялық мазмұнын, терминология мен әдістерді де қайталау қажет.

Емтихан өткізу ерекшеліктері: емтихан барысында студент емтихан сұрақтарына белгіленген кестеге сәйкес, жазбаша жауып береді. Жоғары ажыратымдылықтағы бейнекамералары бар және дыбыс жазылатын аудиториялар мен дәріс залдарында **offline** режимінде өтеді, сондай-ақ емтихан жұмыстарын шифрлау және дешифрлау арқылы жүргізіледі.

Оқыту нәтижелері:

Курсты оқу нәтижесі бойынша студент қабілетті болады:

- психологиялық-педагогикалық кеңес беру саласындағы психология ғылымының өзекті мәселелерін, мұғалімнің кеңес беру қызметінің мәні мен құрылымын білу; кеңес беру процесінде қолданылатын практикалық психологияның тәсілдері мен бағыттары.
- оқыту, тәрбиелеу және дамыту мәселелерінің алдын алу мақсатында жеке және топтық кеңестер жүргізе білу.
- әртүрлі жастағы балаларды оқыту мен тәрбиелеу бойынша отбасылық кеңес жүргізе білу; мұғалімдер мен тәрбиешілерге өндірістік кеңес беру.
- кеңес беру процесінде клиентпен сенімді қарым-қатынас құрудың вербалды және вербалды емес тәсілдерін қолдану.
- заманауи консультативтік әдістер мен рәсімдерді пайдалана отырып, консультативтік байланыс пен консультативтік сессияны әзірлеу және ұйымдастыру.

Емтиханды өткізу формасы:

СТАНДАРТТЫ ЕМТИХАН: Ауызша

Емтиханның ұзақтығы *2сағатты* құрайды.

Жазбаша емтихан тапсыру процесі емтихан билетін автоматты түрде құруды қамтиды.

Білім алушыға мәтінді берілген сұрақтар бойынша жазбаша жауап қалыптастыру қажет.

Оқытушы Univer АЖ (univer.kaznu.kz) сұраулығына пән бойынша әзірленген емтихан сұрақтарын жүктейді.

Әр билет үш блокқа бөлінген сұрақтардан тұрады.

Бірінші блокқа оқыту объектісін білу мен түсінуді бағалайтын когнитивті (білімділік) құзыреттілік сұрақтары енеді. Бұл студенттердің оқыту аймағындағы алдыңғы қатарлы білімді түсіну мен білімін көрсету қабілетін қамтиды.

Екінші блокқа ақпаратты қолдану және талдау іскерлігін бағалайтын функционалдық құзыреттілікті анықтайтын сұрақтар кіреді. Бұл студенттердің зерттеу аймағындағы дәлелдерді қалыптастыру мен негіздеу және мәселелерді шешу арқылы өз білімін қолдана білуі және түсінуін қарастырады.

Үшінші блокқа ақпаратты синтездеу және бағалау іскерлігін анықтайтын жүйелік құзыреттілік мәселелері кіреді. Мұнда студенттердің пікірлерді дәлелдеу, эссе жазу, шығарма жазу қабілеттері бағаланады.

Тапсыру күні мен уақыты: емтихан сессиясының кестесіне сәйкес болады

Емтихан уақыты: 2 сағат

Пән бойынша қорытынды емтихан 15 апталық оқытудан кейін жүргізіледі. Емтихан түрі – **ауызша**.

Жұмысты тексеру: Емтихан үшін аттестаттау ведомосына балл қою уақыты - 48 сағатқа дейін.

Жазылған емтихан нәтижелері 100-баллды жүйеде **Univer жүйесінде** бағаланады

ДАЙЫНДАЛУҒА АРНАЛҒАН ТАҚЫРЫПТАР:

1 тақырып. Оқушылардың рухани-адамгершілік тәрбиесінің ғылыми-теориялық негіздері: әдіснамалық ұстанымдары. Педагогиканың әдіснамасы ұғымына түсінік. Әдіснаманың педагогика

ғылымының дамуына әсері. Қазіргі рухани-адамгершілік білім кеңістігін ізгілендірудің әлемдік жаңа бағыттары. Әдіснама деңгейлері.

2- тақырып. Қазақстан мектептерінде рухани-адамгершілік тәрбиесін ұйымдастырудың нормативтік-құқықтық негіздері.Қазақстан Республикасындағы рухани-адамгершілік тәрбиенің қалыптасуы және даму тарихы.

3-тақырып. Рухани-адамгершілік тәрбиесінің мақсаты мен міндеттері: тұлға қалыптастырушылық рөлі.

4-тақырып. Оқушыларды рухани-адамгершілікке тәрбиелеудің әлеуметтік аспектілері.Рухани-адамгершілік тәрбиесінің қазіргі заманауи әдіс-тәсілдері, технологиялары.

5-тақырып Гуманистік білім беру парадигмасының рухани-адамгершілік тәрбиесіндегі рөлі. Рухани-адамгершілік тәрбиесі және өзін-өзі танудың психологиялық сипаты: байланысы, ұқсастығы және айырмашылығы.

6-тақырып. Рухани-адамгершілік тәрбиесінің жалпы орта білім мазмұнындағы орны.Мектепте адамгершілік тәрбиесін ұйымдастырудың әдістері мен түрлері.

7-тақырып ҚР жаңартылған білім мазмұны жағдайында рухани-адамгершілік тәрбиесін дамыту стратегиялары. Сыныптан тыс жұмыстарда оқушыларды рухани-адамгершілікке тәрбиелеу әдістері.Ақыл-ой әрекетін қалыптастырудың теориясы.

8-тақырып. Тәртібі қиын оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеу–педагогикалық-психологиялық мәселе ретінде.Оқушыларды рухани-адамгершілікке тәрбиелеудегі ата-ананың рөлі.

9-тақырып. Рухани-адамгершілік тәрбиесіндегі әлеуметтік-педагогикалық серіктестік.Рухани-адамгершілікке тәрбиелеудің гендерлік аспектілері.

10-тақырып Мектеп оқушыларын рухани-адамгершілікке тәрбиелеудегі қоғамдық-гуманитарлық пәндердің алатын орны.Оқушыларды көркем өнер арқылы рухани-адамгершілікке тәрбиелеу жолдары.

11-тақырып.Оқушылардың рухани-адамгершілік тәрбиесінің этнопедагогикалық негіздері.Халықтық педагогиканың жеке тұлғаны рухани-адамгершілікке тәрбиелеудегі орны.

12-тақырып. Оқушылардың рухани-адамгершілік тәрбиесінің құндылықтық бағдарлары.Отандық және шетелдік рухани-адамгершілік тәрбие орталықтары: салыстырмалы талдау.

13-тақырып. Имандылық тәрбиесі рухани-адамгершілік тәрбиесінің негізі.Қазақ халқының бала тәрбиелеудегі ерекшеліктері: қыз және ұл тәрбиесі.

14-тақырып. Көпэтникалық және көпконфессиялық қоғамдағы рухани- адамгершіліктәрбие ерекшеліктері.Ұлттық құндылықтар рухани- адамгершілік тәрбиесінің құралы ретінде.

15-тақырып Қазіргі балаларды рухани-адамгершілікке тәрбиелеудегі халық ауыз әдебиетінің рөлі.Оқушылардың рухани-адамгершілік тәрбиесінің қазіргі заманауи сипаты.

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

Негізгі:

1. Таубаева Ш.Т., Иманбаева С.Т., Берикханова А.Е. Педагогика: Оқулық.-Алматы: ОНОН.2017ж.-340б.
- 2.Әбенбаев С.Ш. Тәрбие теориясы мен әдістемесі.Оқу құралы.–Алматы:Дарын,2004ж.
- 3.Балтабаев М.Х. Концепция духовно-нравственного воспитания учащихся в системе непрерывного образования. –Алматы, 2002г.,27стр.
- 4.Дүйсенбаев А.К. Тәрбие теориясы мен әдістемесі: Оқулық.-Алматы 2014-221 б.
- 5.Табылдиев Ә.Т. Ұлттық тәрбие иірімдері. – А., Қазақ ұлттық университеті, 2001ж.
- 6.Майғаранова Ш., Мұратханова Р. Адамзаттың рухани мұрасы. – Алматы, «Бөбек», 2014.-130 б.

Қосымша:

1. ҚР Білім беру тұжырымдамасы // Егемен Қазақстан 26.12.09.
2. Таубаева Ш.Т. Педагогика әдіснамасы. Алматы: ҚУ, 2014ж.
3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Жалпыға міндетті білім беру стандарты. Астана, 2012

Емтиханға дайындығын бағалау, оқыту нәтижесі: Баға қою өлшемдері.

Балл	Жауап мазмұны
95-100 (A) 90-94 (A-) Өте жақсы	1.Емтихан сұрақтарына берілген жауап теориялық тұрғыдан нақты, толық жазылған. 2. Жауаптың мазмұны өзін-өзі тану туралы дұрыс мәлімет береді, практикалық ерекшеліктері сипатталған және толық шешілген. 3.1-2 блок жауаптары теориялық материалдарды жақсы игергендігін білдіреді. 4. Шығармашылық жұмыста қабілеттілігі көрінеді.
85-89 (B+) 80-84 (B) 75-79 (B-) 70-74 (C+) Жақсы	1. Емтихан сұрақтарына берілген жауап тақырыптың мазмұнына қойылатын талаптарға сай келеді. 2. Мазмұнында ашылмай қалған аспектілер бар. 3. Практикалық ерекшеліктері толық сипатталмаған. 4.1-2 блок жауаптары теориялық материалды 80% игергендігін білдіреді.
65-69 (C) 60-64 (C-) 55-59 (D+) 50-54 (D) (Қанағаттанарлық)	1. Жұмыс орындалған, бірақ мазмұны толық ашылмаған. 2. Практикалық ерекшеліктері сипатталмаған. 3. Жауаптары қысқа, қосымша жүйелілікті, ақпараттың қисындылығын талап етеді.
25-49 (FX) 0-24 (F) (Қанағаттанарлықсыз)	1. Емтихан сұрақтары бағдарламаға сәйкес емес. Жұмыс мүлде орындалмаған, теориялық қателер кездеседі. 2. Практикалық жауап мүлде жоқ. 3. Жауапта грамматикалық, терминологиялық қателер бар, логикалық жүйелілік бұзылған.